

ЧАЙЛЬД ГАРОЛЬДТИҢ ЕЛІМЕН ҚОШТАСУЫ

Қош бол енді, мен туған жер!
Толқын жапқан жағалауым!
Ысқырған жел, ышқынған сел,
Қайғылы үні шағаланың.
Күн де батты нұры кеміп,
Бетке ұстадық түннің жолын;
Кеттім күнге сәлем беріп,
Қош бол, менің туған елім!

Дүние түнмен қош айтысар,
Біз көрерміз таңды көркем,
Астым теңіз, үстім аспан.
Қайда, бірақ, туған өлкем?
Үйім иесіз; отым сөнген;
Шөбі өсіп кеткен аулам;
Қақпа алдында ұлып үрген
Жалғыз төбет меннен қалған.

Қосшы бала! Ойлар езіп
Жылайсың сен қайғың қалың;
Қорқасың ба жел дауысынан,
Көріп толқын ышқынғанын.
Жылама сен! Кемем берік...
Барад заулап ұзақ жолға,
Қуса сұңқар, соңынан еріп,
Жете алмас, сірә, ол да.

"Мейлі, ышқына соқсын дауыл
Мен емеспін одан қорқар!
Жылағаным сері Чайльд,
Болмас сізді таңырқатар.
Туған ата-анамыздан
Айрылысу болар ма оңай?
Маған енді пана болар
Жалғыз сенсің және құдай!

Бата берді әкем маған,
Бірақ, жасын қалды тиып,
Мен қайтқанша, сорлы анам,
Талай жылар іші күйіп".
Мейлің, шырақ, қайғыра бер,
Сен сықылды күнәдан пәк,
Сүттен таза, болсам егер,
Қайғырар ем мен де жылап.

Өңің қашқан, адал қосшым,
Сені езген қайғы-уайым...
Қорқасың ба жаудан, достым,
Ойлайсың ба, күн райын?
О, жоқ, білмен мен қорқуды
Ондай сезім жаныма жат;
Қалды әйелім, кеттім үйден,
Қайғыртады сол жамағат.
Ол өзіңмен көрші тұрад,
Не айтарсың сірә оған,

Азар болса бала сұрап, -
Дер: - әкемнен неге айрылған?
Сенікі жөн: қайғың мәлім,
Бірақ, менің жоқ аярым...
Сонша нәзік емес жаным,
Жолда күліп, шат барамын.

Суайт әйел күрсінді деп,
Қайтып оған жігіт шанар?
Айнуды олар - заң деп білед,
Қылмысты ізін жаспен шаяр;
Қауіптенбен болашақтан,
Қорқа алмаймын сұрапылдан;
Мен бір сырқат келе жатқан,
Еш нәрсені уайымдаман.
Мен жалғызбын, толқындардың
Арасында кемем келеді...